

Алғыр, шешен, байсалды, ақылды, табанды қайраткер ретінде Ресей әкімшілігіне де айрықша пікір жазғаны жөнінде жазба деректер баршылық. 1740 жылдың тамыз айында Ресей әкімшілігі атынан генерал В. Урусовпен Орынборда болған қазақ-орыс келіссөздеріне Әбілмәмбет хан, Абылай сұлтандармен бірге, ханның бас уәзірі дәрежесінде Нияз батыр да қатысып, еларалық мәселелерді шиеленістірмей шешуге белсене үлес қосқан. 1743 жылы көктемде Жоңғарияға аманаттар тобы келген соң Абылай тұтқыннан босатылады. Ол сондай-ақ Абылайдың Бұхара, Хиуа хандарымен, қырғыз манаптарымен болған соғыстарына қатысқан. Осы соғыстардан кейін Абылай Нияз Барқыұлына Ташкент қаласының төңірегіндегі біраз аймақтарды билеуге берді. Сондай-ақ, Барқы Нияз Ташкентті 20 жыл билеген. Сонда біраз билік жүргізіп, қартайған шағында Қарағанды облысының Жаңаарқа ауданындағы Ортау, Ақтау деген жерге көшіп келді. Сүйегі Түркістандағы Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің іргесіне жерленген.

Осылайша, аталықтар әулеті - қазақ тарихындағы терең ізі қалған, ел тәуелсіздігі мен тұтастығын сақтауға өлшеусіз үлес қосқан кеменгерлер әулеті. Олардың өмір жолы - бүгінгі ұрпақ үшін тарихи сабақ, ел басқарудағы жауапкершілік пен даналықтың үлгісі.

Бұл әулет өкілдерінің тағылымы бізге бір нәрсені анық көрсетеді: мемлекеттің қуаты тек ханның батылдығында ғана емес, сонымен қатар оның жанындағы ақылды, көреген, әділ кеңесшілердің еңбегінде жатыр. Аталықтар елдің ішкі тыныштығын сақтап, сыртқы саясаттағы күрделі жағдайларды реттеп, жас мұрагерлерді тәрбиелеп, тұрақты биліктің қалыптасуына ықпал етті.

Уақыт өте тарих сахнасындағы тұлғалар алмасқанымен, олардың қалдырған мұрасы өшпейді. Арыстан, Барқы және Нияз аталықтардың өмір жолы - ұлтқа қызмет етудің, адалдықтың, парасаттылықтың биік эталоны. Бүгінгі күні де олардың атқарған істері мемлекетшілдік идеясын дәріптеп, елдің бірлігі мен тұтастығын сақтау жолындағы ізгі дәстүрлердің жалғасуына негіз бола алады.

Сондықтан, аталықтар әулетінің тарихы - тек өткеннің емес, келешектің де бағалы қазынасы. Бұл әулеттің өнегесі қазақ қоғамындағы тұлғалық тәрбиенің, басқарушылық мәдениеттің және тарихи сананың ажырамас бөлігі болып қала береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мұқтар Ә., Ахметова Ү., Атығаев Н., Ахмет А., Жұмабаев А. Қазақ хандығы құрылымындағы билер, батырлар, қожалар, жасауылдар, аталықтар және тархандар институттары: олардың қызметі және жойылуы (XV - XIX ғғ.). Монография. - Алматы: «Арыс» баспасы. - 248 бет.
2. Жамбыл О. Аталықтар әулеті: Арыстан, Барқы, Нияз. - Астана: «Алтын кітап», 2011. -414 б.

ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНІБЕКОВТІҢ ӨМІРІ МЕН ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ҚЫЗМЕТІ

Холдорова Д.Ш.

Ғылыми жетекші: PhD, қауымдастырылған профессор Смағұлов Н.Б.

Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті

darigaKholdorova@gmail.com

Қарағанды қ.

Көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, тарихшы-этнограф, қазақ руханияты кеңістігінде халқына өлшеусіз қызмет еткен, ұлттық мәдениеттің құтқарушысы атанған, педагог - Өзбекәлі Жәнібекұлы Жәнібековтің өмір жолы кейінгі буынға үлгі-өнеге болары хақ. Оның есімі ХХ ғасырдың екінші жартысындағы қазақ мәдениетінің қайта түлеуімен, халық дәстүрін жаңғыртуымен, тарихи мұраны сақтау жолындағы күреспен тікелей байланысты. Кеңестік идеологияның қатаң тәртібі жүріп тұрған кезде ұлттық өнерді, салт-дәстүрді, фольклорды, көне ескерткіштерді қорғау оңай шаруа емес еді. Дегенмен, Өзбекәлі Жәнібекұлы өз тағдырын осы жолға арнап, бар ғұмырын халқына қызмет етуге бағыттады.

Өзбекәлі Жәнібекұлы 1931 жылы 28 тамызда Оңтүстік Қазақстан облысы, Отырар ауданының Сарықамыс деген жерде дүниеге келді. Қиын кезеңде туған буынның бірі ретінде ол жастайынан ел басынан өткен зұлматтарды көріп, жоқшылық пен ауыртпалықтың ішінен өсті. Әкесі Жәнібек Құдиярұлы, анасы Қаныша Тамашқызы кұба төбел тіршілік кешкен, диханшылықпен айналысқан. Өзбекәлі дүниеге келгеннен соң көп ұзамай әкесі қайтыс болып, шешесін әмеңгерлік жолмен жақын туысына қосады. Ағасы спандияр Совет-Фин соғысында ерлік көрсетіп, Ұлы Отан соғысы басталысымен хабарсыз кеткен. Күйеуге ұзатылған үлкен әпкесі Күлараш та ерте дүние салады, сөйтіп

әпкесі Мәдинемен бірге өседі. Көп ұзамай Өзбекәлі Мәдинеден де айырылады. Жетім бала аялы, алақанды, мейлінше инабатты, болмысынан адал, қайырымды, табиғатынан сыпайы Құрман атасынан көреді [1, 273 б.].

Өзбекәлі бала кезінен қайсар болып өседі. 1948 жылы Шәуілдірдегі Жамбыл орта мектебін бітіріп, Абай атындағы Қазақ педагогикалық университетінің тарих факультетінде жоғары білім алды. Университет қабырғасында жүргенде ол этнография, археология, шығыстану ғылымдарына қызығушылық танытып, қазақ өркениетінің терең қабаттарын зерттеуге ден қойды. Оқытушылары оның ерекше таланты мен ұйымдастырушылық қабілетін ерте байқаған. Университетте жүріп, ғылыми үйірмелердің белсенді мүшесі болды. Жоғары оқу орнын бітіргеннен кейін Өзбекәлі Жәнібеков еңбек жолын ауыл мектебінің мұғалімі болып бастады. Ол жас педагог ретінде оқушыларға тек пәнді оқыту емес, ұлттық тәрбие, мәдениет, өнер арқылы руханилық дарытуды мақсат етті. Бірнеше жылдан кейін аудандық комсомол комитетінде қызмет істеп, жастар арасындағы мәдени жұмысқа жауапты болды. Бұл кезең оның ұйымдастырушылық қабілетін арттырып, мәдениет саласындағы болашақ істеріне жол ашты. Өзбекәлі Жәнібекұлының елге сіңірген ең үлкен еңбегі - 1960-1980 жылдары Қазақ ССР Мәдениет министрлігінде атқарған қызметімен байланысты [2, 172 б.].

1967-1987 жылдары мәдениет басқармасының бастығы, Республикалық мәдени мекемелерді үйлестіруші, Мәдениет министрінің орынбасары болып қызмет атқарды. Бұл кез - қазақ мәдениетінің тоқырау кезеңі аталған уақыт. Кеңестік жүйе халық дәстүрінің дамуына шектеу қойып, ұлттық өнерді екінші қатарға ығыстырған кез еді. Соған қарамастан, Жәнібеков ұлттық руханияттың жандануына зор үлес қосты.

Ө.Жәнібековтің еңбегі оның саясаткерлігінде емес, ұлт мәдениетін қорғаудағы табандылығында көрінді. Атап көрсетсек:

- ұлттық киімдерді музейге қайтару,
- халықтық дәстүрлерді зерттеу,
- Наурыз сияқты ұмыт болған мерекелерді қайта тірілту,
- айтыс өнерін сақтап қалу,
- көне тарихи ескерткіштерді жөндеу сияқты істерге жетекшілік етті. Бұл іс-әрекеттер

кеңестік билікке ұнай бермейтін. Кейде оған «ұлтшыл» деген айып тағып, қызметтен шеттетуге тырысқан кездер де болды. Бірақ ол қай істен де бас тартпай, өз ұстанымын жалғастырды [3, 56 б.]

Ө.Жәнібеков - қазақ халқының дәстүрлі өнерін қайта гүлдендірген тұлға.

Негізгі еңбектері:

- Айтыс өнерінің жаңа тынысын ашты;
- Күйшілік дәстүрді дамытуға қолдау көрсетті;
- Халық аспаптар оркестрінің репертуарын жаңартты;
- «Сазген» секілді ансамбльдердің құрылуына ықпал етті;
- Дәстүрлі киім үлгілерін ғылыми тұрғыдан жинақтап, музей қорының негізін жасады.

Ол үшін өнер - тек эстетикалық құбылыс емес, ұлттық жадты сақтайтын күш еді. Кеңес заманында Наурыз «діни сипаттағы ескі мейрам» деп танылып, ресми түрде тойлауға тыйым салынған болатын. Өзбекәлі Жәнібеков бұл мейрамның түркі мәдениетіндегі орны ерекше екенін ғылыми дәлелдеп, 1988-1989 жылдары Қазақстанда Наурызды қайта тойлауға рұқсат алу ісінде шешуші рөл атқарды. Наурыздың қайта жаңғыруы - Жәнібеков есімімен тікелей байланысты [3, 200 б.].

Ол қазақтың ұлттық киімдерінің тарихи дамуын ғылыми тұрғыдан зерделеп:

- сәукеле, кимешек,
- шапан, күпі,
- зергерлік әшекейлер,
- ер-тұрман,
- кілем тоқу, алаша, текемет өнері сияқты салаларды жеке-жеке қарастырды.

Ұлттық киімдер мен бұйымдардың тарихи үлгілерін музей қорына жинастырған, каталогтарға енгізген. Түркістандағы Әзірет Сұлтан кесенесін қайта қалпына келтіру жөніндегі еңбегі - Жәнібековтің ұлт алдындағы айрықша қызметтерінің бірі. 1960-70 жылдары кесене күтусіз қалып, қираудың алдында тұрған еді. Ө.Жәнібеков ғылыми топ ұйымдастырып, археологтарды, сәулетшілерді, реставраторларды жинады. Ол кесененің тарихи құндылығын дәлелдеп, республикалық мәртебе берілуіне ықпал етті. Бүгінде Түркістанның Қазақстанның рухани орталығына айналуына оның еңбегі зор.

Ө.Жәнібекұлының бастамасымен: Арыстан баб кесенесі, Отырар қалашығы, Сауран, Сығанақ көне тарихи қалалары, Ортағасырлық археологиялық нысандар жөнделіп, ғылыми зерттеу нысандарына айналды. Ол бұл жұмыстарға мемлекеттік қаржы бөлінуін ұйымдастырып, жобалардың соңына дейін қадағалады. Оның ықпалымен: «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-

мұражайы, «Отырар» археологиялық қорық-мұражайы, Ұлттық тарихи-мәдени қорықтар пайда болды. Жәнібеков музей ісінің ғылыми негізін қалаушылардың бірі болды. Қазақ этнопедагогикасына қосқан үлесі Өзбекәлі Жәнібеков педагогика саласында да терең ғылыми із қалдырған тұлға. Ол халық педагогикасын білім беру жүйесіне енгізу идеясын қолдап, оқу-тәрбие үдерісінің рухани-мәдени негізде жүргізілуін жақтады.

Негізгі қағидалары:

- Тәрбиенің тірегі - ұлттық рух пен салт-дәстүр;
- Бала тәрбиесіне халық ауыз әдебиеті, өнер, фольклорды жүйелі пайдалану;
- Шынайы тәрбие - адамның ішкі дүниесіне әсер ететін рухани құндылықтар;
- Ұрпақ сабақтастығын сақтау [1].

Ол педагогтарды ұлттық өнерді меңгеруге шақырып, оқыту бағдарламасын байытуды көздеді. Тек теориялық тұрғыдан емес, іс жүзінде де көптеген талантты өнерпаздардың ашылуына себепші болды. Оның қолдауымен көптеген жас домбырашылар, термешілер, қолөнершілер мемлекеттік деңгейде танылды. [4].

Өзбекәлі Жәнібекұлы - ғылыми еңбек пен практикалық қызметті қатар атқарған санаулы тұлғалардың бірегейі бола отырып, «Ғасырлар пернесі», «Ежелгі мәдениет жәдігерлері», «Алтын қор», «Тағдыр тағылымы» кітаптарын шығарды. Қазақтың қолөнері, этнографиясы, музыкасы туралы жүздеген мақалалар жазды және саясат билік жүйесінде де белгілі лауазымдарда жұмыс атқарды. 1955-1957 жылдары комсомол ұйымында қызмет атқарып, жастар саясаты және мәдени-ағарту жұмыстарына жауапты болды. Қызмет барысында қазақ ауылдарындағы мәдени шараларды ұйымдастырып, көркемөнерпаздар жұмыстарын дамытуға бастама жасады.

1957-1960 жж. облыстық комсомол комитетінде нұсқаушы, бөлім меңгерушісі, Жастар театрлары мен мәдениет үйлерін жандандыру жобаларын іске қосты. 1960-1965 жылдар аралығында мәдениет саласына ауысады да Қазақ ССР Мәдениет министрлігінің қарауындағы мекемелерде жауапты қызметтер атқарады. Ұлт болашағы үшін аянбай тер төгіп, музей ісі, тарихи ескерткіштерді қорғау бағыттарын көтере бастайды.

1965 жылы Қазақ ССР Мәдениет министрлігінің мәдени-ағарту істері жөніндегі басқармасының бастығы қызметіне тағайындалды. Оның тікелей бастамасымен ауылдық клубтар мен мәдениет үйлерінің жұмысын жандандыру бағдарламасын бастады. 1966-1967 жылдары Республиканың өңірлерінде халық өнері ұжымдарын қолдау көрсетіп, этнографиялық экспедициялар ұйымдастырды. Музей ісін жаңарту, тарихи ескерткіштерді есепке алу жұмыстарын жүргізді.

1967 жылы Қазақ ССР Мәдениет министрінің орынбасары болып тағайындалды. Енді Республиканың мәдени саясатын басқаруға ресми түрде кірісті. Қазақтың дәстүрлі өнерін сақтауға арналған мемлекеттік бағдарлама әзірлей отырып, айтыс өнерін жандандыру туралы ұсыныс енгізді. Мәдени-рухани идеологиялық жұмыстар аясында облыстардағы театрлар желісін кеңейтуге басшылық жасады. Қазақ музыкалық аспаптарын зерттеу орталықтарына қаржылай қолдау бөлгізді. 1972 жылы Қожа Ахмет Ясауи кесенесін мемлекеттік қорғауға алу туралы шешімді алға жылжытып, ескерткіштерді қалпына келтіру жөніндегі комиссия жұмысына жетекшілік етті. Республикалық халық өнері фестивалдерін ұйымдастыруды жолға қойды. Қазақ халқының материалдық емес мәдени мұрасы - күйшілік және термешілік мектептерді жүйелі түрде қолдау енгізілді. Музейлердің материалдық базасын жақсартуға бюджеттік қаржы бөлді. Ұлттық киім, қолөнер, дәстүрлі бұйымдарды зерттеу жобаларын міндеттеді. 1980 жылы Түркістан өңіріндегі археологиялық қазбаларды мемлекеттік бағдарламаға енгізе отырып, Отырар қалашығын сақтап қалу жөніндегі үлкен ғылыми жобаны бастады. Ұлт руханиятының жанашыры болған қайраткердің араласуымен қазақ театрларындағы ұлттық репертуар көлемін ұлғайту туралы бұйрық шығарылды. Жоғары мінберден мәдениет саласының өркендетуде кешенді бағдарламалар қабылдатып, айтыс өнерін республика көлемінде қайта жандандыруды ресми қолдады. Теледидар эфирлерінде қазақ тіліндегі қойылымдардың санын арттыруға ерекше назар аударды.

1985 жылы Қазақстан мәдениетінің басқа одақтас республикалардағы таныстырылымдарын ұйымдастырып, Мәскеу мен Ташкентте өткен түркі халықтары фестивалінде Қазақстан делегациясын басқарды. Қайраткерлігі мен мемлекетшілдік қасиетінің арқасында Ө.Жәнібеков 20 жылға жуық мемлекеттік мәдени саясаттың негізгі тұлғасы болды. Қайта құрудың жағымды оң жақтары Өзбекәлі Жәнібековтың саяси карьерасына әсер еткендіктен, 1987 жылы Қазақ КСР-нің Мәдениет министрі лауазымына тағайындалды. 1988-1991 жылдары Өзбекәлі Жәнібеков - Қазақстан Орталық партия комитетінің хатшысы лауазымында қызмет атқарды. Халқымыздың ұлы қайраткері Өзбекәлі Жәнібеков 1998 жылдың 22-ақпанында дүние салды [1, 281 б.].

Өзбекәлі Жәнібекұлының еңбегі тек өткен ғасырдың шеңберінде қалатын жұмыс емес, бүгінгі Тәуелсіз Қазақстанның рухани жаңғыру бағытымен толық үндес. Оның мәдениетке, өнерге, ғылым мен

педагогикаға қосқан орасан зор үлесі - қазақ халқының болашақпен байланыстыратын алтын көпірі. Ө.Жәнібеков салған жол - ұлттық мұраға құрмет, тарихи жадыны сақтау, руханиятты бағалау, мәдениетті дамыту жолы. Тәуелсіздіктің рухани кеңістігін қалыптастыруда, қазақтың мәдени иммунитетін көтеруде оның атқарған қызметі - баға жетпес құндылық болып саналады. Бүгінгі ұрпақ тау тұлға қайраткердің еңбектерін тек құрметтеп қана қоймай, оларды әрі қарай дамытуға міндетті. Себебі ұлттық мәдениетті сақтау - үздіксіз еңбек, ал мәдени мұраны қорғау - әрбір азаматтың борышы. Өзбекәлі Жәнібекұлы қалдырған мұра - бүгінгі қазақ қоғамының рухани тірегі, болашаққа бағдар беретін шамшырағы. Оның ұлт алдындағы еңбегі ешқашан ұмытылмайды және ол қазақ руханияты тарихында мәңгілікке сақталады. Бұл еңбектерде ол ұлттық өнердің тарихын, салт-дәстүрлердің философиясын, қазақ өркениетінің мәдени негіздерін жүйелі түрде талдаған.

Пайдаланылған әдебиетер тізімі:

1. Жолдасбеков М. Асылдарым. IV том. Эсселер. Ойлар. Тебіреністер. - Астана: Күлтегін, 2012. - 360 б.
2. Жәнібеков Ө. Қазақ киімі. - Алматы: Дәуір, 1996. - 189 б.
3. Ө.Жәнібеков Алматы: 2011 (2кітап) 318 б.
4. Өзбекәлі Жәнібеков. Алматы: Қазақстан баспа үйі, 2012. - 240 б.

МҰХАМЕДЖАН СЕРАЛИН ЖӘНЕ АЙҚАП

Шарбек М.Қ.

Ғылыми жетекші - т.ғ.к., қауым.профессоры Туяқова А.Е.
Астана халықаралық университеті,
madinasharbek@gmail.com
Астана қ.

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы қазақ қоғамы отарлық езгінің күшеюімен, әлеуметтік жіктелудің тереңдеуімен және ұлттық сана оянуының басталуымен ерекшеленді. Дәл осы тарихи жағдайда қазақ халқының қоғамдық ой-пікірінде ағартушылық, жаңғыру, реформалық бағыттағы қозғалыстар белсенді түрде өрбіді. Бұл қозғалыстардың басты мақсаты, халықтың сауатын ашу, ұлттық бірлікті нығайту, мәдени прогреске қол жеткізу және замана талабына сай елдің даму бағытын айқындау болды. Осы тарихи кезеңде қазақ баспасөзінің алғашқы үлгілері дүниеге келіп, ұлттық журналистиканың іргетасы қаланды. Олардың ішінде ерекше орын алған «Айқап» журналы. Бұл басылым қазақ халқының рухани жаңғыруының, ұлттық идеяның және қоғамдағы пікірталастың орталығына айналды. Ал оның негізін қалаушысы әрі бас редакторы Мұхамеджан Сералин болды.

М. Сералин өз заманының озық ойлы тұлғасы, қоғам қайраткері, жазушы және публицист. Ол қазақ халқының даму жолындағы басты кедергілерді анықтап, оларды ағартушылық, мәдени және рухани жаңғыру арқылы шешуді ұсынды. Оның публицистикасы ұлттық журналистика мектебінің қалыптасуына негіз болған, кәсіби тіл, дәлелді ой, қоғамдық жауапкершілік пен ұлттық мүддені үйлестірген жаңа сапалы үлгі. Осы мақалада Мұхамеджан Сералиннің өмірі мен шығармашылық қызметі, оның «Айқап» журналы арқылы қалыптастырған ағартушылық және реформаторлық идеялары, сондай-ақ қазақ журналистикасының кәсіби негіздеріне қосқан үлесі қарастырылады.

Мақаланың басты мақсаты, Мұхамеджан Сералин қазақ журналистикасының кәсіби және идеялық қалыптасуындағы іргелі тұлға болып табылады. Ол «Айқап» журналы арқылы ұлттық сананы ояту, халықты мәдени және саяси тұрғыдан жетілдіру ісінде шешуші рөл атқарған. Сералиннің редакторлық қызметі мен публицистикалық мұрасы қазақ қоғамындағы алғашқы кәсіби баспасөз дәстүрін, журналистік этика мен жауапкершілік мәдениетін орнықтырды деген болжам алға қойылады.

Қазақ қоғамының XX ғасыр басындағы қоғамдық-саяси дамуында баспасөздің орны ерекше болды. Ұлттық баспасөз халықтың ой-санасын қалыптастыратын, жаңалық пен пікірдің негізгі арнасы. Мұхамеджан Сералин осы үдерістің алдыңғы қатарында болып, қазақ қоғамын жаңғыртудың рухани жетекшісіне айналды.

Бүгінгі таңда ақпараттық қоғам дәуірінде ұлттық журналистиканың бастауларын зерттеу тек тарихи қызығушылық емес, сонымен қатар, ұлттық ақпараттық қауіпсіздік пен мәдени кодты сақтау тұрғысынан да маңызды. Сералиннің идеялары халықтың өзін-өзі тануы, қоғамдық пікірді мәдениет пен білім негізінде қалыптастыру туралы қазіргі заманға да өзектілігін жоғалтпаған құндылықтар.